

Turkic Weekly

2018/95





TURKIC WEEKLY 2018 2 (95) (8 -14 қаңтар)

Turkic Weekly Түркі әлеміндегі ең маңызды оқиғалардың апталық шолуын ұсынады. **Turkic Weekly** түркітілдес мемлекеттердің ағымдағы өзекті мәселелері бойынша уақтылы ақпарат беріп, объективті талдау жасайды.

Turkic Weekly – Халықаралық Түркі академиясы шығаратын апталық ақпарат-сараптамалық дайджест.



НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА БИЫЛҒЫ ЖОЛДАУЫ

2018 жылдың 9-шы қаңтары күні Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев халыққа дәстүрлі жолдауын жариялады. Жолдау төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктерін дамытуға арналды.

Өз сөзінде Н. Назарбаев 2018 жылғы ел дамуының негізгі 10 бағытын атап көрсетті.

10 қаңтар күні ҚР президентінің баспасөз қызметі Жолдаудың толық мәтінін жариялады.

Атап айтқанда, Н. Назарбаев Жолдауда көрсеткен он негізгі бағыт төмендегідей:

БІРІНШІ. Индустрияландыру жаңа технологияларды енгізудің көшбасшысына айналуы тиіс. Кәсіпорындарымызды жаңғыртуға және цифрландыруға бағытталған, өнімнің экспортқа шығуын көздейтін жаңа құралдарды әзірлеп, сыннан өткізу қажет.

ЕКІНШІ. Ресурстық әлеуетті одан әрі дамыту. Кешенді ақпараттық-технологиялық платформаларды белсенді түрде енгізу қажет. Кәсіпорындардың энергия тиімділігі мен энергия үнемдеуге, сондай-ақ энергия өндірушілердің өз жұмыстарының экологиялық тазалығы мен тиімділігіне қойылатын талаптарды арттыру керек.

ҮШІНШІ. «Ақылды технологиялар» - агроөнеркәсіп кешенін қарқынды дамыту мүмкіндігі.

ТӨРТІНШІ. Көлік-логистика инфрақұрылымының тиімділігін арттыру.

БЕСІНШІ. Құрылысқа және коммуналдық секторға заманауи технологияларды енгізу. Осы міндетті орындау барысында құрылыс салудың жаңа әдістерін, заманауи материалдарды, сондай-ақ ғимараттардың жобасы мен қала құрылысының жоспарын жасағанда мүлде басқа тәсілдерді қолдану керек.

АЛТЫНШЫ. Қаржы секторын «қайта жаңғырту». Банктік портфельдерді «нашар» несиеден арылту ісін аяқтау қажет. Ол үшін банк иелері шығындарын мойындай отырып, экономикалық жауапкершілік алуға тиіс. Ұлттық Банк тарапынан қаржы институттарының қызметін қадағалау қатаң, уақтылы әрі нәтижелі болуға тиіс. Мемлекет қарапайым азаматтардың мүдделерін қорғауға одан әрі кепілдік береді. Инвестициялық ахуалдың одан әрі жақсаруы және қор нарығының дамуы маңызды болып саналады.

ЖЕТІНШІ. Адами капитал - жаңғыру негізі. Білім берудің жаңа сапасы. Барлық жастағы

азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс. Үздік денсаулық сақтау ісі және дені сау ұлт. Халықтың өмір сүру ұзақтығының өсуіне және медициналық технологиялардың дамуына байланысты медициналық қызмет көрсетуге деген сұраныс көлемі арта түсетін болады. Қазіргі денсаулық сақтау ісі қымбатқа түсетін стационарлық емге емес, негізінен аурудың алдын алуға бағытталуға тиіс. Саламатты өмір салтын насихаттай отырып, қоғамдық денсаулықты басқару ісін күшейту керек. 2016-2017 жылдары зейнетақы мен жәрдемақы үш рет көбейді. Базалық зейнетақы, жалпы алғанда, 29 процентке, ынтымақты зейнетақы 32 процентке, бала тууға байланысты жәрдемақы 37 процентке, ал мүгедектер мен асыраушысынан айырылғандарға төленетін жәрдемақының әрқайсысы 43 процентке өсті. Республикалық бюджеттің әлеуметтік салаға бөлінген шығыны 2018 жылы 12 процентке өсіп, 4,1 триллион теңгеден асты. 2018 жылдың 1 шілдесінен бастап базалық зейнетақы еңбек өтіліне байланысты орташа алғанда 1,8 есе көбейетін болады. Мұғалім мәртебесін арттыру мақсатымен білім берудің жаңартылған мазмұнына көшкен ұстаздардың лауазымдық жалақысын 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап 30 процентке көбейтуді тапсырамын. Нәтижесінде, мұғалімдердің жалақысы біліктілігінің расталуына байланысты тұтастай алғанда 30 проценттен 50 процентке дейін өседі.

СЕГІЗІНШІ. Тиімді мемлекеттік басқару. Мемлекеттік әкімшілендіру кезінде кәсіпкерлер мен тұрғындардың шығындарын қысқартуға байланысты жұмыстарды жалғастыру қажет. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің интеграциясы «бір өтініш» қағидаты бойынша жекелеген мемлекеттік қызмет көрсетуден кешенді қызмет көрсетуге көшуге мүмкіндік береді. Өңірлердегі мемлекеттік қызметтің тиімділік әлеуетін олардың экономикалық дербестігі мен жауапкершілігін арттыру арқылы мейлінше толық ашу керек.

ТОҒЫЗЫНШЫ. Жемқорлықпен күрес және заңның үстемдігі. Жемқорлықтың алдын алуға бағытталған күрес жалғаса береді.

ОНЫНШЫ. «Ақылды қалалар» «ақылды ұлт» үшін. «Ақылды қалалар» өңірлік дамудың, инновацияны таратудың және еліміздің барлық аумағында тұрмыс сапасын арттырудың локомотивтеріне айналады.



ЎЗБЕКСТАН ПРЕМЬЕР-МИНИСТРИНИҢ ТӘЖІКСТАНҒА САПАРЫ

Өткен аптада Өзбекстан премьер-министрі Абдулла Арипов жұмыс сапарымен Тәжікстанға барды. Сапар барысында Өзбекстан премьер-министрі Тәжікстан президенті Эмомали Рахмонмен кездесті. Бұл сапардың басты мақсаты - Өзбекстан президенті Шавкат Мирзиевтің Тәжікстанға сапарына дайындығын пысықтау болды. Алдын-ала мәліметтерге сәйкес, Өзбекстан басшылығы биылғы көктемде көрші республикаға барады. Айта кету керек, Тәжікстан - Ш.Мирзиеев Өзбекстан президенті лауазымына сайланған сәттен бастап әлі бармаған Орталық Азиядағы жалғыз ел боп тұр.

Сарапшылардың айтуынша, өзбек және тәжік тараптары алдағы келіссөздерге мүқият дайындалып жатыр. Атап айтқанда, А.Ариповтың сапары барысында сауда шектеулерін жою, азаматтардың екі жақты сапарлары режимін жеңілдету, тауар тасымалына белгіленген тарифтерді төмендету, қолданыстағы теміржолды қалпына келтіру, шекарадағы миналанған аймақтарды зарарсыздандыру, өткізу пункттерін ашу мәселелері, сондай-ақ мемлекеттік шекарамен байланысты басқа да өзекті тақырыптар талқыланған.

Эмомали Рахмон өз сөзінде Тәжікстан тарапының Өзбекстанмен су-энергетикалық ресурстарды пайдаланудағы үкіметаралық ынтымақтастықты нығайтуға дайын екендігін атап өтті. Тәжікстан бұл мәселе бойынша аймақтағы елдер үшін проблемалар туғызбауға тырысатынын мәлімдеген Э.Рахмон, керісінше, әлемдік және аймақтық қоғамдастықтың су және экологиялық мәселелерді бейбіт жолмен шешудегі бастамаларын қолдайтынын білдірді.

Сонымен қатар, кездесу барысында аймақтағы және әлемдегі әртүрлі қауіп-қатерлермен, оның ішінде терроризм, экстремизм және трансұлттық қылмыстың басқа түрлері бірлесіп күресуде екіжақты ынтымақтастық мәселелері талқыланды.

Айта кеткен жөн, тараптар су энергетикасы саласында қарым-қатынас орнатуды талқылай бастады. Мәселен, шекара мәселесі бойынша тараптар Фархад СЭС-і тұрған жер аймағын Тәжікстан аумағы деп танып, СЭС-тің өзін Өзбекстанның меншігі деп тануға келісті. Басылымдар хабарлағандай, бұл нысан Тәжікстан тарапынан қорғалады, ал оның техникалық қызметі Өзбекстан тарапынан жүргізілетін болады.



ӘЗЕРБАЙЖАНДА 2018 ЖЫЛ ӘДР ЖЫЛЫ ДЕП ЖАРИЯЛАНДЫ

Әзербайжан президенті Ильхам Әлиев өткен аптада 2018 жылды елдерінде «Әзербайжан Демократиялық Республикасының жылы» деп жариялау туралы жарлыққа қол қойды.

Әзербайжан БАҚ мәліметтері бойынша, 2018 жылы Әзербайжан Демократиялық Республикасының құрылғанына 100 жыл толады. Осы маңызды іс-шараны мемлекеттік деңгейде салтанатты атап өту үшін Министрлер Кабинетіне 2017 жылдың 16-шы мамырындағы Әзербайжан президентінің «Әзербайжан Демократиялық Республикасының 100 жылдығы туралы» өкіміне сәйкес іс-шаралар жоспарын дайындау және жүзеге асыру тапсырылды.

Сонымен қатар, ел аумағында және шетелде ӘДР құрылуының 100 жылдығына арналған бірқатар іс-шаралар қарастырылған.

Баспасөзде айтылғандай, Әзербайжан Демократиялық Республикасының (ӘДР) тарихын зерделеуге арналған жұмыстар үлкен маңызға ие, алайда әлі күрмеуі шешілмеген бірқатар ғылыми және теориялық проблемалар бар. Осы тұрғыдан алғанда, мемлекет басшысының 2018 жылды «Әзербайжан Демократиялық Республикасының жылы» деп жариялауы үлкен тарихи маңызға ие. Бұл Милли Меджлис (парламент) депутаты, Әзербайжан Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Мұса Гасымлының пікірі.



ҚЫРҒЫЗСТАНДА 2018 ЖЫЛ АЙМАҚТАРДЫ ДАМУ ЖЫЛЫ ДЕП ЖАРИЯЛАНДЫ

10-шы қаңтар күні Қырғызстан президенті Сооронбай Жээнбеков 2018 жылды Аймақтарды дамыту жылы деп жариялады. Мемлекет басшысының 2018 жылдың 9-шы қаңтарында қол қойған «2018 жылды аймақтарды дамыту жылы деп жариялау туралы» жарлығы өңірлерді дамытудың негізгі құжаты болады, деп хабарлайды Қырғыз Республикасы президентінің баспасөз қызметі.

«2018 жылы өңірлерді дамытудағы жүйелік өзгерістердің негізін қалау керек. Бұл үкіметтің барлық салаларының, азаматтық сектордың бірлескен күш-жігерін талап етеді. Әр өңір үшін ұзақ мерзімді кешенді бағдарламалар дайындалады, ауылдарды, қалаларды, сонымен қатар басқа да аумақтық бірліктерді жоспарлау стандарттары бекітілді. Жогорку Кенешке нақты тапсырмалар берілді», - деді С. Жээнбеков өз сөзінде.

Ол өзінің премьер-министр боп тұрған кезінде өңірлерді дамыту тұжырымдамасы, халықты таза ауыз сумен қамтамасыз ету және егістікті суаруды жақсарту бағдарламасы әзірленіп, қабылданғанын еске салды.

Ж.Жээнбеков өңірлерде жаңа жұмыс орындарын құруға ерекше назар аударылатындығын атап өтті, бұл ішкі және сыртқы көші-қон үдерістерінің төмендеуіне әкеледі. Оның сөзіне қарағанда, негізінен жол-көлік инфрақұрылымын дамытуға, өңірлердің экспорттық әлеуетін қолдауға, шағын және орта бизнесті қолдауға жағдай жасауға, өңірлердің экономикалық дамуына бағытталған инвестицияларды тартуға күш салынатын болады.

«Кейбір депутат немесе жоғары лауазымды тұлғал бюджет қаражатын өзінің туған жеріне немесе ауылына жібереді, керісінше, қараусыз қап жатқан ауылдар мен аудандар бар. Кей аймақтарда мектептер мен ауруханалар салынбайды. Аймақтарды дамытуда әділетсіздікке жол бермеуіміз қажет, бюджеттік және инвестициялық қорлар аймақтардың қажеттіліктеріне сәйкес бөлінуі тиіс», - деді С.Жээнбеков.



КХДР МЕН ОҢТҮСТІК КОРЕЯ ӨКІЛДЕРІНІҢ ТАРИХИ КЕЗДЕСУІ ӨТТІ

Биылғы 9-шы қаңтарда Оңтүстік Корея мен Солтүстік Кореяның өкілдері демилитарлық аймақта - Пханмунжом қаласында кездесу өткізді. КХДР мен Оңтүстік Кореяның жоғары өкілдерінің бұл кездесуінің мәні зор және Корей түбегінде қалыптасқан дағдарысты еңсеру үшін өте маңызды.

Айта кету керек, мұндай кездесулер мен келіссөздер Оңтүстік Корея мен КХДР өкілдері арасында бұрын да бірнеше рет өткен болатын. Бірақ, бұл келіссөздер екі жылдық үзілістен соң қайта жандануымен өте маңызды. Себебі, осы екі жыл арасында түбектегі қақтығыс одан да күшейе түсті.

Кездесу нәтижесі жемісті болғанға ұқсайды. Тараптар әу бастан-ақ өздеріне үлкен мақсаттар қоймаған. Кездесуде Оңтүстік Кореяда өтетін қысқы Олимпиада ойындарында КХДР спортшыларының қатысу мүмкіндіктері талқыланды. Осы ретте, Оңтүстік Корея делегациясының екі ел спортшыларының Олимпиада ойындарының ашылу және жабылу салтанатына бірге өнер көрсету туралы ұсыныстары Пхеньян мен Сеул арасындағы сенді қозғағандай болды.

Екінші жағынан, Солтүстік Корея делегациясы басшысының оптимистік көңіл-күйі де үміт сыйлайды. Оңтүстік Кореялық басылымның жазуынша, Ли Сун Квон Солтүстік Корея мен Оңтүстік Корея арасындағы қырғиқабақ қатынастарға қарым қарамастан екі елдің ортақ түйісер тұстары көп. Осылайша, ресми Солтүстік Корея ниет болса екі көрші мемлекеттің кез-келген қиындықтарды еңсеруге әлеуеті бар екенін атап өтті. Олимпиада ойындарына бірлесіп қатысу сылтауымен өткізілген осынау келіссөздер шын мәнінде маңызды диалогтың бастауы бола алатынына толықтай негіз бар деп айтуға болады.

Аймақтағы негізгі ойыншы - Қытайдың әлі күнге дейін Корей түбегіндегі жағдайға айтарлықтай әсері бар екенін атап өткен жөн. Сарапшылардың пікірінше, КХДР-дың мұндай әрекеттеріне Қытай жариялаған қарсы санкциялар көп әсер еткен болуы мүмкін. Атап айтқанда, БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің соңғы (2397) қарарына сәйкес, 6-шы қаңтардан бастап, Қытай Солтүстік Кореяға шикі мұнай мен мұнай өнімдерінің экспортына шектеу енгізді. Сонымен қатар, Пекин Пхеньянға металл, өнеркәсіптік жабдықтар және ауыр көліктерді сатуды тоқтатты. КХДР экономикасына айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін фактордың бірі ретінде, ең алдымен, Қытайдың Солтүстік Корея ауыл шаруашылығы өнімдерін импорттаудан бас тартқанын айтуға болады. Бұл қатаң шаралар Пхеньян басшылығының келіссөздерге жылы шырай танытуына себеп болуы мүмкін, дейді мамандар.



Түркі академиясы 2010 жылы Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия мемлекет басшылары тарапынан құрылды. Академия көне дәуірден қазіргі заманға дейінгі Түркі әлемінің тілдері, мәдениеті және тарихы бойынша жан-жақты зерттеулер жүргізіп, оларды үйлестіретін халықаралық ұйым. Түркі академиясы Түркі әлемін зерттейтін ғылыми-зерттеу және білім беру орталықтары арасында ынтымақтастықты арттыруға ықпал етеді.

www.twesco.org | 57-49-86
Tauelsizdik 57, Palace of Peace and Reconciliation
Astana, 010000 | Kazakhstan

 @intturkicacadem

 <https://www.facebook.com/Intturkicacadem>